

ЧАЙШАЯ
НАШЕЙ НА
НАШЕГО МУЖ
ТЕХНИК
1961 ГОДА В 10 ЧАСОВ 55 МИНУТ КОСМИЧЕСКИЙ КОР
УЛДЫНА СВЯЩЕННУЮ ЗЕМЛЮ

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТИ



SATBAYEV
UNIVERSITY



SU

UNIQUM

KAZAKHSTAN YOUTH MAGAZINE

№19 (65)
МАРТ | АПРЕЛЬ



С ДНЁМ
НАУКИ!





Лига Волонтеров при Satbayev University - Отделение ОФ «Лига Волонтеров» университета – организация единомышленников, объединенных желанием помогать и делать этот мир чуточку добрее.


В Satbayev University общество принимает участие в социально значимых кампаниях: распространяет информацию о социальных проблемах, проводит общественные акции, организует семинары и мастер-классы, а также иницируют молодежные проекты и мероприятия для развития движения волонтерства.

@league_volunteers



UNIQUUM^{SU}

“ СРЕДИ КАЗАХОВ Я, ПОЖАЛУЙ,
САМЫЙ МАЛЕНЬКИЙ. МОЙ НАРОД
ВЫШЕ МЕНЯ. ”



НАД НОМЕРОМ РАБОТАЛИ:



Редактор каз. яз.
Айман СУЛЕЙМЕНОВА
Редактор рус. яз.
Ляззат СЕРАЛИНА




Журналист
Мерей КОСЫН



Фотографы
Елена ПАПЭ
Дамир ТАИРОВ



Дизайн и верстка
Берик СУХАНОВ



Печатное издание **UNIQUM**TM зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №17030-Ж от 10.04.2018 г. Дата и номер первичной постановки на учет №13494-Ж, 02.04.2013 г. Выпуск №19 (65) март – апрель 2021 г. Отпечатано в типографии НАО «КазНИТУ им. К.И.Сатпаева».

Тираж 1200 экз. Распространяется бесплатно.

Адрес редакции: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Сатпаева, 22,
ГУК, каб. №616, тел.: 8 (727) 292 43 06

SU NATION

6

Ғасырларды жалғастырған әмбебап ғалым

10

«Сәтбаев оқулары-2021» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

14

Қ.И. Сәтбаев – ұлы ғалым, қоғам қайраткері

SU HISTORY

18

С Днём науки!

LISTEN UP!

25

Физикадағы Шрёдингер мысығы немесе біздің қабылдауымыздағы әлем қаншалықты шынайы?

28

Деректер ғылымы дегеніміз не?

ALL EYES ON ME

32

Киберспорт ойыншылары: Бұл жеңістер халықаралық жарыстарға жетудің бір жолы деп санаймын

REAL TALK

38

Кристина Михайлова:
О метамодернизме, коллегах и
«Лунных зайцах»

50

Simple Ways to Stay Organized in University

52

5 books about Great Patriotic War





Талғат Рамазанов

Қазақ және орыс тілдері кафедрасының тьюторы, докторант

ҒАСЫРЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРҒАН ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ



XX ғасырдың біртуар тұлғасы, Орта Азияда фарабитанудың атасы саналған ғұлама ғалым, академик Ақжан Жақсыбекұлы Машанидің туғанына биыл 115 жыл толып отыр. Көзі тірісінде-ақ «XX ғасырдың Әл-Фарабиі атанған Ақжан Машани 1906 жылы 2 қарашада Қарқаралы дересінің солтүстік-шығысындағы «Жамантайдың Қарақуысы» делініп кеткен, бүгінгі Нұркен ауылына қарасты Кішіқарақуыста – I.Есенберлиннің «Қаһар» романында Масан деп бір ғана әрпі өзгертіліп, зор ілтипатпен аталатын Машан бидің бел баласы Жақсыбек отбасында дүниеге келген.

Кеңес Одағы жылдарында еліміздегі геомеханикалық мектептің негізін қалаған Ақжан Машани Қазақстанның геология, тау-кен, маркшейдерлік іс ғылымдарының дамуына зор үлесін қосты. Геомеханика іліміне қатысты қазақ тілінде тұңғыш оқулық пен сөздік жазды. Оның еңбектері шетелде танылып қана қоймай, сонымен бірге маркшейдер ғылымының отаны – Германияда неміс тілінде жарық көрді.


Ғұлама ғалымның 115 жылдығына орай университеттің Қазақ және орыс тілдері кафедрасы 27 ақпан күні студенттер арасында «Ғасырларды жалғаған әмбебап ғалым» атты зияткерлік сайыс өткізді. Байқаудың мақсаты – келешек ұрпаққа азық болар ұлы рухани мұра қалдырған Ақжан Машанидің еңбектерін насихаттай отырып, ғылымсүйер қауымға ғалым мұрасын кеңінен таныту. Зияткерлік сайыс 4 кезеңді қамтыды. Ойынның 1-кезеңінде қатысушы топтар өздерін таныстыра отырып, шығар-

машылық қабілеттерін шыңдаса, 2-кезеңде ғұмыры ғибратқа толы ғалымның өмірбаяны мен өскен ортасы, азаматтық және қоғамдық қызметіне қатысты сұрақтарға жауап берді. Байқаудың 3-кезеңі өз алдына ерекше өтті деуге болады. Себебі бұл кезеңде машанитанушы ғалымдар, кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы қатысушы топтарға бейне-сауал жолдады. Соңғы, яғни 4-кезеңде ғалым Ақжан Машани 50 жыл қызмет атқарған оқу ордасы – Сәтбаев Университетіндегі ғылыми-педагогикалық, мәдени-қоғамдық қызметіне қатысты сұрақтар қойылды. Барлық кезеңде де қатысушы студенттер ғалым мұрасына үлкен ілтипат, зор құрметпен қарап, жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Аталмыш шараға қазылық еткен кафедра оқытушылары Қ.Қ.Демеубекова, О.С.Жүбаева, сонымен қатар қолдау жасаған университетіміздегі «Рухани жаңғыру» орталығының маманы Ш.Шермет әділ шешім шығарды. Қызу тартысқа толы болған байқауда «Көрермен көзайымы» номинациясымен «Жас қырандар» тобы марапатталса, жүлделі 3-орынды «АИЕТ» тобы, 2-орынды «Алаш», жүлделі 1-орынды «Феникс» тобы иемденді. Жеңімпаз топтарға университет тарапынан ақшалай сыйлық берілді, ал өзге қатысушыларға Базалық білім беру институтының директоры А.С.Саренова алғыс хат пен сертификаттар табыс етті.

Онлайн форматта өткен мазмұнды іс-шараны Қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі А.Ж.Үдербаев қорытындылап, байқауға қатысқан студенттерге кенен ғылым мен кемел білім жолында сәттілік тіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
 Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
 А.МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ



ДИПЛОМ

I орын

Әйгілі ғарабитанушы ғалым, академик
 Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің туғанына 115 жыл толуына
 орай қазақ және орыс тілдері кафедрасы ұйымдастырған

«Ғасырларды жалғастырған әмбебап ғалым»

атты зияткерлік білім сайысына қатысып,

жүлделі I-орынға ие болған

«ФЕНИКС» тобы

МАРАПАТТАЛАДЫ.

Ғылыми жұмыстар
 жөніндегі директоры



Сыздықов А.Х.

Алматы 2021

*"Қисметің өшпесі — біліңде,
 сондықтан да барлық ғашықтар
 тарихи жақси білу керек"
 Ақжан әл-Машани*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
 Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
 А.МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ



ДИПЛОМ

II орын

Әйгілі ғарабитанушы ғалым, академик
 Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің туғанына 115 жыл толуына
 орай қазақ және орыс тілдері кафедрасы ұйымдастырған

«Ғасырларды жалғастырған әмбебап ғалым»

атты зияткерлік білім сайысына қатысып,

жүлделі II-орынға ие болған

«АЛАШ» тобы

МАРАПАТТАЛАДЫ.

А.Машани атындағы
 Базалық білім беру
 институтының директоры



А. Саренова

Алматы 2021

*"Қисметің өшпесі — біліңде,
 сондықтан да барлық ғашықтар
 тарихи жақси білу керек"
 Ақжан әл-Машани*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
А.МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ



ДИПЛОМ

III орын

Әйгілі фарабитанушы ғалым, академик
Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің туғанына 115 жыл толуына
орай қазақ және орыс тілдері кафедрасы ұйымдастырған
«Ғасырларды жалғастырған әмбебап ғалым»
атты зияткерлік білім сайысына қатысып,

жүделі 3-орынға ие болған

«АИЕТ» тобы

МАРАПАТТАЛАДЫ.

А.Машани атындағы
Базалық білім беру
институтының директоры




А. Саренова

Алматы 2021

*"Қасиеттік өшпесі — білімсіз,
сондықтан да барлық ғылымдар
тарихтан жаси білу керек"
Ақжан әл-Машани*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
А.МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ



ДИПЛОМ

Әйгілі фарабитанушы ғалым, академик
Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің туғанына 115 жыл толуына
орай қазақ және орыс тілдері кафедрасы ұйымдастырған
«Ғасырларды жалғастырған әмбебап ғалым»
атты зияткерлік білім сайысына қатысып,

«КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫ» номинациясын иеленген

«ЖАС ҚЫРАНДАР» тобы

МАРАПАТТАЛАДЫ.

А.Машани атындағы
Базалық білім беру
институтының директоры




А. Саренова

Алматы 2021

*"Қасиеттік өшпесі — білімсіз,
сондықтан да барлық ғылымдар
тарихтан жаси білу керек"
Ақжан әл-Машани*

Мерей Қосын | Журналист

«СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ-2021» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



«Бүгін Сәтбаев Университеті үшін ерекше күн, өйткені бүгін үш мереке бірігіп отыр – Қазақстанда Ғылым қызметкерлерінің күні, Халықаралық ғарыш күні және Ұлы ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 122 жыл толды. Бұл даталардың барлығы біздің мемлекетіміз пен азаматтарымыздың әл-ауқатының кепілі ретінде еліміздің басты басымдықтарының бірі болып табылатын инновациялармен және ғылыми жетістіктермен тығыз байланысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау шеңберінде Сәтбаев Университеті оқу орнының ғылыми әлеуетін шетелдік ғылыми тағылымдамалар арқылы дамытуға, оқытушылар мамандығының беделін арттыруға және Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуындағы басым бағыттарды нығайтуға ерекше назар аударады».

*Сәтбаев Университеті Ректорының міндетін атқарушы
Тулешов Амандық Қуатұлы*

Ғылым күні жыл сайын біздің университетімізде «Сәтбаев оқулары» атты ғылыми конференцияның ашылуымен басталады. 12 сәуір елімізде Ғылыми қызметкерлер күні ретінде аталып өтілетіндіктен де, бұл күні түрлі ғылыми жиындар ұйымдастырылады. Жалпы, Ғылым күнін атап өту дәстүрі қазақтың көрнекті геолог-ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні құрметіне орай бекітілген болатын. Университетімізде көктемде жыл сайынғы өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқулары» конференциясының негізгі мақсаты – ғылым мен білім сапасын арттыруға бағыт алып отырған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және еліміздің ғылым саласын-

дағы мамандар үшін интеллектуалдық орта қалыптастыру болып табылады. Конференция барысында ғылым мен өндірістік және білім беру салаларында зерттеу жұмыстарын жүргізетін мамандар өз тәжірибелерімен бөліседі. Конференция дәстүрі бойынша биыл да негізгі сегіз ғылыми бағыт аясында баяндамалар оқылды: Геология, геофизика, мұнай-газ және тау-кен ісі; Металлургия және өнеркәсіптік инженерия; Сәулет және құрылыс; Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру; Кибернетика және ақпараттық технологиялар; Химиялық және биологиялық технологиялар; Жобаларды басқару; Базалық пәндер.

Конференциядағы әр секция жеке-жеке тереңдетілген салалық тақырыптарға бөлінген. Еліміздің алдыңғы қатарлы универси-



теттерінің ғылыми қызметкерлері мен студенттері және шетелдік мамандар қатысқан әрбір секцияда әртүрлі салалық өткір мәселелер ортаға салынып, талқыланды. Биыл екінші рет онлайн форматта өтіп жатқан бұл конференцияның бірнеше секциялары туралы қысқаша тоқталып өтсек.

Конференция аясында Әл-Машани атындағы Базалық білім беру институтының

Қазақ тілі кафедрасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қашықтықтан оқыту: мәселелері мен болашағы» атты дөңгелек үстел өткізді. Бұл іс-шараға тіл білімі және филология, білім философиясы, тілдерді және гуманитарлық пәндерді оқыту саласының Ресей, Қазақстан, Әзірбайжан, Ұлы-

британия және Түркиядан келген 45-ке жуық өкілдер қатысты. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – тәжірибе алмасу және инновациялық шешімдерді, идеяларды талқылау, сондай-ақ гуманитарлық кеңістіктің онлайн білім беру әлеуетін; цифрландыру дәуірінде оқытушы мен студенттің өзара іс-әрекетінің ықтимал нысандарын ұсыну болды. Дөңгелек үстел барысында пандемия кезінде гуманитарлық ғылымдарды оқыту; түрлі тілдерді (қазақ, орыс, татар, түрік, әзірбайжан) қашықтықтан оқытудың тәжірибесі, мәселелері мен болашағы; тілдік білім беруде интернет-технологияларды пайдалану мәселелерінің кең аспектісі талқыланды. Дөңгелек үстелге қатысушылар жаңа форматтағы оқыту формасы толығымен автономды жүйе бола алмайды, тек дәстүрлі жүйеге қосымша ретінде оқу іс-әрекетінің белгілі бір түрлерінде ұтымды қолдануға болады дей

келе, «қашықтықтан білім беру ешқашан мұғалімді алмастыра алмайды және ешқандай озық технологиялар да адамның орнын баса алмайды» деген ортақ тұжырымға келді.

Автоматтандыру және роботтандыру секциясы бойынша заманауи программалық құралдарды және математикалық модельдерді қолданып, автоматтандыру және роботтандыру жүйелеріне салыстырмалы талдау және бағалау жүргізу; Автоматтандыру және роботтандыру жүйелерін синтездеу үшін заманауи алгоритмдік және программалық қамтамасыз етуді пайдалану; Автоматтандыру және роботтандыру жүйелерінің техникалық құралдары сияқты қазіргі замандағы өзекті бағыттар бойынша мақалалар жарияланды.

Бұл секция аясында оқылған баяндамалардың тақырыптарына тоқталып өтсек: А.Б. Бауыржан. «Қалыптау процесін автоматтандыру үшін манипулятордың пайдаланылуы»; А.Б. Болат. «Жинау процесіне арналған роботты зерттеу және модельдеу»; Е.Ерен, Ш.К. Көшімбаев. «Мыс концентратын электрлі балқытуға арналған шихта дайындау процесінің математикалық моделін құру»; А.Н. Кемаладин. «Геоақпараттық жүйенің мәселелерін шешу үшін қалыпқа келтірілген индекстерді пайдалану»; Г.М. Кеңесов. «Инновациялық жарықдиодты драйвер жасау»; Н.Ғ. Нұрхан. «Сорғы станциясының жұмыс процесін PID реттеуішімен жаңарту»; Н.Ж. Нұров. «Газ айдау қондырғысын автоматты басқару жүйесін құру»; А.Қ. Рысқұлбек, А.А. Бейсембаев. «Магистральды арналардағы судың деңгейін және шығынын модельдеу»; А.Қ. Рысқұлбек, А.А. Бейсембаев. «MATLAB

бағдарламалау ортасында су тарату гидроқұрылғыларын басқарудың математикалық модельдерін құру»; Б.А. Сағитжан. «Жүк тиеу манипуляторы үшін жасанды көру жүйесін дайындау».

Ал «Ең үздік баяндама» дипломымен Сәтбаев Университетінің 2-курс магистранты А.М.Амангелдиева «Интеллектуалды алгоритм негізінде мұнай ұңғымаларының болжамды диагностикасын жасау» атты баяндамасы үшін марапатталды. Сондай-ақ Т.Н. Қарақұлов, Н.Ж. Нұров сияқты жас зерттеушілердің өзекті тақырыптарды көтерген баяндамалары да қатысушылар тарапынан жоғары бағаланды. «Кибернетика, жасанды интеллект және ақпараттық технология» бағыты бойынша 1, 2-курс магистранттары арасында әртүрлі тақырыптар қозғалды, оның ішінде: Алматыдағы жолдардың тығыздығы мәселесі, ауыл шаруашылық индустриясын болжауда жасанды интеллектті қолдану сияқты түрлі салалық мәселелер талқыланды.

Конференция барысында республиканың түкпір-түкпірінен жиналған қатысушылар арасынан Сәтбаев Университетінің 2-курс магистранты Амир Аяланың «Transport flow modelling in the territory of Almaty city» атты жобасы «Ең үздік баяндама» номинациясы бойынша марапатталды.

«Сәтбаев оқулары» конференциясы аясында көтерілген мәселелер мен талқыланған тақырыптар еліміздің болашақ ғылым мен техника саласында жасалынатын ерекше маңызды жобалардың бастауына айналары сөзсіз. Бұл конференция ғылым адамдарын біріктіретін көпір қызметін атқарып қана қоймай, жаңа идеялар мен тәжірибелердің ошағы болу міндетін де жалғастырып келеді.



Досмұхамед Кішібеков

ҚР ҰҒА академигі



Қ.И. СӘТБАЕВ – ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

12 сәуір – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні, оның үстіне бұл – Ғылым қызметкерлерінің күні.

Қ.И.Сәтбаев – қазақ халқының тарихында өте үлкен із қалдырған кемеңгер, білгір, халықты басқара білетін, ақыл айтатын жетекші, көреген ғалым. Абайдан кейінгі көрнекті қайраткер тұлғаларымыз болды, солардың қатарында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ерекше орын алады.

Қ.И.Сәтбаев Павлодар облысында туып, сонда өсіп, жас кезінде ауыл мұғалімі, сосын судья болып қызмет атқарады. Бірақ қазақ еліндегі көптеген естеліктерді, халық аузында сақталып, айтылып жүретін сөздерді құлағы іліп, қағазға түртіп жазып жүреді. Қазақстанның жер асты байлығы өте мол екенін көріп, оның халыққа орасан зор пайда келтіретінін ойлап, өзінің істеп жүрген мұғалімдік, судьялық қызметін қалдырып, 21 жасқа толған шағында Сібірдегі

Томск қаласының техникалық университетіне оқуға түсіп, геология мамандығын игеруді қолға алды. Оны 1926 жылы бітіріп шығады. Оқып жүргенде, біріншіден, сол кездегі ғылымға байланысты мәселелерді зерттеумен қатар Томск қалалық кітапханасына барып, қазақ жері туралы жазылған еңбектерді, Геродоттан бастап, Паллас, Рычков, Потанин және басқа да ғалымдардың еңбектерін оқып, ойын тереңдетіп, білімін жетілдіреді. Ол кезде жағдай өте ауыр, жатақханада от жағылмайтын, суық жерде жатқандықтан өкпе ауруына шалдығып, бір жыл еліне келіп емделеді, бірақ оқуын тастамайды. Одан кейін қайтадан жалғастырып, 1926 жылы мамандық алып, жоғары біліммен Қазақстанға келеді. Бірінші орналасқан жері – Атбасар трестінде жұмыс істей жүріп, Мәскеудің, Ленинградтың ғалымдарымен байланыс жасап, оларды Қазақ жерінің мол байлығын зерттеу үшін жәрдемдесуге шақырады.

Алғашқы кезде олар Сәтбаевқа қазақ жерінде ешнәрсе жоқ, ағылшынның зерттеушісі келіп, керектінің бәрін алып кеткен, басқа ешнәрсе жоқ деп кетті дегендей жауап қайтарады. Сәтбаев соған қарамастан, бұрғылау машиналарын алдырып, адамдарды ұйымдастырып, Орталық Қазақстан, оның ішінде Қарсақпай, Жезқазғанның байлықтарын зерттеуге кіріседі. Біріншіден, оның айтқаны, тапқаны – Қазақстанның жерінде байлық мол, жердің бетіндегінің бәрін ағылшын зерттеушісі алып кеткенімен, қабат-қабат болып бір қабат бос жыныс, бір қабат кен жатқанын байқап, Қазақстан жерінің астында көптеген қазба байлықтары бар екенін көріп, сезіп, Ресейдегі, оның ішінде Мәскеудегі ғылыми

орталықтарына барып, жиналыстарға қатысып, баяндамалар жасайды, ондағы ғалымдарды Қазақстанды зерттеуге шақырады. Ақыры 1936 жылы желтоқсанның 31 күні кешкі сағат 18.00-де Серго Орджоникидзенің қабылдауында болады. Серго Орджоникидзе бұл алыстан келген кісінің сұрауы баршығар, сұрауын орындап берейін, бес минут жетеді ғой деп ойлап, жұмыстың аяғына шақырады. Жаңа жылдың қарсаңында, 1936 жылы. Сәтбаев келген соң, одан еш нәрсе сұрамайды, Сергоға Қазақ жері жөнінде, Қазақстанның байлығы жөнінде Геродоттан бастап, басқа да ғалымдардың еңбектеріндегі айтқан сөздерінен мысал келтіре отырып, әңгіме бастайды. Бес минутта жұмысы бітіп қалар деген кісіні Серго Орджоникидзе жеті сағат тыңдайды. Әңгімесіне араласады. Жаңа жылды ұмытып кетеді. Түнгі 12-ден кейін 1937 жылдың қаңтары басталады. Сөйтіп, жеті сағатқа созылған әңгіме біткенде, Серго (Г.К.) Орджоникидзе оның айтқандарының бәрі дұрыс болса, соны зерттеп, қолдайтынын айтады. Біріншіден – Жезқазғанды, Қарсақпай, Орталық Қазақстанды бесжылдық жоспарға ендіретін болады. Екінші уәдесі – Жезқазған металлургия комбинатын жасауға уәде береді. Үшіншіден – Қарсақпай мен Жезқазған арасына руда тасу үшін жіңішке темір жол жасайтынын айтады. Бұл – керемет үлкен жаңалықтар еді. Осы уәдесін Серго Орджоникидзе өмірінің 1 ай 18 күні қалғанда орындайды. 1937 жылы ақпанның 18-і күні Серго Орджоникидзе өмірден өтеді. Міне, өмірінің соңындағы сол азғантай ғана уақыт ішінде ол Сәтбаевтың айтқанына байланысты күрделі үш түрлі мәселені шешіп кетеді. Бұл – бір.

Екіншіден, Сәтбаевтың тағы бір қосқан үлесі – А.Н.Косыгин Министрлер Кеңесінің басшысы болып отырғанда, Мәскеуде қабылдауында болып, басқа мәселеге байла-



нысты келсе де, сөзінің арасында Ертіс–Қарағанды каналын жасау жөнінде әңгіме көтереді. Сонда Косыгин: «Бұл өте қымбат жоспар екен, ол менің алдымда жатыр. Бұған біздің кірісуіміз қиын. Жергілікті жердің суы бар емес пе?! Қарағанды металлургия зауытына соның өзі жетпей ме?» – дейді. Сонда Сәтбаев оған: «Суы бар, бірақ ол жетпейді, жергілікті жердің малына, шаруашылығына да су керек. Бізге Ертістің суы қажет. Қарағанды металлургия зауытына көп су керек», – деп жауап қайтарады. Сол сөздің аяғында Косыгин құжатқа қол қойып, Ертіс–Қарағанды каналын жасауға шешім қабылдайды. Ол үшін қанша суды көтеретін көтермелер жасау керек, қанша еңбек жасау керек. Бұл өте қымбат болса да, келешекке пайдасы өте зор болды. Міне, Сәтбаевтың Отан алдындағы бітіріп кеткен екінші бір жұмысы.

Үшінші, Отан соғысы жүріп жатқан кез, 1942 жыл. Отанға марганец деген металл керек болды. Марганец танкке керек. Үлкен қару-жарақтың күшті болуына қажет болды. Сәтбаев өзі кезінде зерттеп жүрген Жезді деген жердегі рудалардың ішінде марганец барын байқап, марганец бар деп 1938 жылы қағазға жазып қойған екен. Сол ойына түсіп, үкіметке айтады. Ол кезде марганец тек Украинада ғана бар екен. Ал Украина немістердің қолына өтіп кеткен кез, елде марганец жоқ. Сонда Қазақстанның марганецін өндіріп, танкілерді мықты етіп жасауға Орал зауытына жөнелтіледі. Бұл – Қ.И.Сәтбаевтың Отан үшін жасаған үш түрлі керемет еңбектері еді.

Ал енді оның бойындағы адамгершілік қасиетіне, біліктілігіне, қоғамдық қайраткерлігіне тоқтайтын болсақ, үш қана

мысал келтірейік. Бірінші мысал – Қ.И.Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясын 1946 жылы ашты. Өзбекстанның, Әзірбайжанның басқа елдердің академияларынан кейін ашылса да, Сәтбаевтың арқасында ол Россия, Украина академиясының қатарына көтерілді. Оның бір дәлелі: Украина Ғылым академиясы президентінің Қазақстан Ғылым академиясы жөнінде, Қ.И.Сәтбаев жөнінде жоғары баға бергені тарихта бар.

Бұл қалай болды, жұрттың бәрін қалай жұмыс істетті? Оның қарсыластары болды ма деген сұрауға тоқталатын болсақ, әрине, адам болған соң, әртүрлі адамдармен араласады, бірақ сол адамдардың бәрінің тілін тауып басқарып, басты мәселеге жұмылдыруының арқасында солардың барлығы да жақсы жұмыс істеді. Сәтбаев өз еркімен бірде-бір адамды жұмыстан қуған жоқ. Солардың барлығы осы үлкен қоғамға қызмет етті. Осыған байланысты тағы да айта кетейін: 1949 жылы Ғылым академияның ашылғанына үш жыл болды, бұрынғы кадрларды өсіргеннен кейін, жаңа кадр керек болды. Жастардан кадр дайындау керек. Академия конкурс жариялап, 25–30 жасқа жуық жас жігіттерді қабылдады. Соның ішінде мен де болдым. Сол жастарды аспирантураға алып, Мәскеуге жіберді. Мәскеудің Ғылым академиясымен келісіп, сонда оқытып, тәрбиеледі. Кейіннен сол жастардың барлығы да Сәтбаевтың қарамағында, қамқорлығында болды. Сәтбаев Мәскеуге келген сайын әрқайсысымызды шақырып, жағдайымызды біліп, жәрдемдесіп отырды. Соның нәтижесінде барлығы да қандидат, кейін ғылым докторы, академикке көтерілді. Солардың арасындағы екі жігіт аспирантурада оқып жүргенде Лениндік сыйлық алды. Бұл да Сәтбаевтың үлкен көрегендігі. Міне, екінші мәселе – жастарды тәрбиелеу.

СССР Ғылым академиясының президенттері келіп, біздің жағдайымызбен танысып

жүрді. Хрущевтың өзі арнайы келіп, академияны аралап, танысып, көптеген жағдайларды біліп отырды. Міне, осының өзі, әрине, Қ.И.Сәтбаевтың арқасы. Қазақстан Ғылым академиясының Сәтбаевтың кезінде көтерілгені – ғажап құбылыс болды.

Ал енді үшінші мәселені айтқым келеді: 1978 жылы мен Жапонияда болдым. Жапонияның Киото қаласына келгенде, барлық жерлермен танысып, кездесулерден өткеннен кейін, түскі астың кезінде тамақтанайық деп бір жерге келдік. Көлеңкеде он шақты жапонның азаматтары отыр екен. Әрқайсысының қолында өзінің коробы бар, соның ішінен бірдеңелер алып жеп отыр. Арасындағы бір жапон орнынан тұрып, маған келіп, бірнәрсе деп сөйледі. Біз 5-6 жігітпіз. Аудармашымыз: «Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз деп сұрап жатыр?» – деді.

– Айтыңыз, мен СССР-ден келдім, – дедім. Аудармашы:

– Жоқ, СССР екенін біліп отыр, оның қай жерінен келген дейді?

– Қазақстаннан келдім, Алматыдан дедім.

– Алматыда мен жұмыс істегем. Алматыда академияның үлкен ғимараты бар ма?

– Бар.

– Сол ғимаратты біз жапондар салдық. Соның ішінде мен де болдым. Соны жасап жүргенде, бізге бір денелі, үлкен кісі келетін, шетелдік машинасы бар. Бізбен әңгімелесіп, сигарета беретін, жақсы кісі еді. Сол кісі бар ма? Бар болса, сәлем айтыңыз.

– Иә, ол біздің Президентіміз болған, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Ол кісі қазір жоқ, 1964 жылы қайтыс болған, – дедім.

Сөйтсек, ол жапондық тұтқындардың бірі екен, Қазақстандағы Ғылым академиясының құрылысына қатысқан. Сонда Жапония қайда, Алматы қайда, Киото қайда, жаңағы жұмыс істеген адам қайда, мен қайда? Міне, тағдыр қандай адамдарды кездестіреді!

Бүгін – Қ. И. Сәтбаевтың туған күні, Ғылым күні! Мен осындай ғажайып жандардың қарамағында болғаным, осы кісілердің тәрбиесін көргеніме, Ғылым академиясының академигі дәрежесіне жеткеніме ризамын! Мұның бәрі – алдымен тағдыр, одан кейін Сәтбаевтың еңбегі.

Тарихта осындай адамдардың болғанын қазақ халқы мақтан етеді.

Бүгін Қазақстан Ғылым академиясы Еуропалық стандартқа көшті. Бұл – ғылым енді университеттерде дамиды деген сөз. Нәтижесін болашақ көрсетеді.



Центр исторического наследия ДСВ

С Днём НАУКИ!



Berliner Zeitung

triumph im Welt

Наука необходима народу. Страна, которая ее не развивает, неизбежно превращается в колонию.

Ф. Жолио-Кюри

Еще во времена СССР, с целью поднять статус науки, как производительной силы государства, развития культуры и образования, был утвержден профессиональный праздник многотысячного отряда ученых – День науки. Профессиональная дата отмечалась в третье воскресенье апреля.

Почти два десятилетия с 1991 года, в Казахстане в связи с приобретением суверенитета, этот день не отмечался. В 2011 году Министерство образования и науки РК (в ту пору пост министра

этого ведомства занимал Жумагулов Б.Т.) ходатайствовало об утверждении Дня науки, предложив после широкого обсуждения с научной общественностью отмечать эту дату в день рождения выдающегося ученого, государственного и общественного деятеля страны, горячо любимого народом еще при его жизни, Каныша Имантаевича Сатпаева – 12 апреля.

В этот день в СССР и ныне на постсоветском пространстве отмечали день космонавтики, так как именно 12 апреля Юрий Алексеевич Гагарин совершил первый в мире полет в космос.

Каныш Имантаевич, всегда активно отзы-

вавшийся на все выдающиеся события, опубликовал 28 апреля 1961 года в газете «Дружные ребята» обращение к молодежи. Вот первые строки статьи **«И открывает вселенная тебе свои тайны»** талантливого ученого по поводу исторического полета: **«Человек в космосе! Каждый из нас знал, что так и будет: первым космонавтом будет советский человек. И все-таки сколько радости принесла нам весть о первом человеке – космонавте Юрии Алексеевиче Гагарине, открывшем новую эру в освоении космоса»**. Завершил он обращение словами, адресованными к юному читателю: **«Союз труда и науки – наша главная сила. Помни об этом, будь трудолюбивым и упорным, смелым и дерзновенным, только тогда Вселенная откроет тебе свои сокровенные тайны...»**.

И вряд ли это просто случайность, что этим полетом Вселенная открыла нам свои тайны, так же как Каньш Имантаевич Сатпаев открывал тайны земли, хранившей несметные природные богатства минеральных ресурсов, содержащих практически все элементы Периодической таблицы Д. И. Менделеева.

В этой дате сошлись два уникальных события: день рождения славного сына казахского народа, ставшего во многих делах первым, и полет первого космонавта великой державы СССР.

Высоко ценя заслуги Каньша Сатпаева перед родиной, Первый Президент Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев в день столетия талантливейшего ученого, 12 апреля 1999 года, сказал: «Чем дальше уходит от нас «Сатпаевский период» развития науки и общества, зримее становится величие его

фигуры как выдающегося ученого, государственного и общественного деятеля, гражданина и патриота своей страны, совершенный им вклад в развитие и процветание нашей Родины. Имя его навечно останется в памяти нашего народа и золотыми буквами увековечено в его истории».

Еще одним подтверждением выдающейся роли Каньша Имантаевича Сатпаева в истории казахстанского народа стал следующий факт: указом Президента РК от 20 октября 2011 года № 164 в перечень профессиональных и иных праздников в Республике Казахстан внесен День работников науки, отмечаемый 12 апреля. Таким образом, в 2012 году 12 апреля Казахстан впервые отметил День науки, как дань памяти выдающегося ученого К. И. Сатпаева и по старой памяти День космонавтики.

В этом году День науки стал десятым по счету – юбилейным! И невзирая на карантин в связи пандемией коронавируса, во всех казахстанских учреждениях науки и образования, особенно носящих его имя, прошли традиционные «Сатпаевские чтения», во многих городах и населенных пунктах страны к памятникам и бюстам, посвященным отцу и наставнику казахстанской науки, были возложены цветы. В музеях в Баян-Ауле, Карсакапае, Жезказгане, Жезды, Алматы прошли памятные мероприятия. Телевидение традиционно демонстрировало документальные фильмы о его славной жизни, являющейся примером беззаветного служения своей стране и народу.

И снова мы вспомним, что в память об этом феноменальном человеке его имя достойно двадцать с лишним лет носит легендарный политех, к созданию и становлению которого Каньш Имантаевич и десятки его соратников – членов Академии Наук, имели самое непосредственное отношение.

А в космосе будут по-прежнему витать астероид, названный в честь казахстанского уче-



ного-геолога Каньша Сатпаева, и комета имени Юрия Гагарина, напоминающая нам о величии их подвига во имя науки и просвещения, о том, что они были и остаются первыми.

Центр исторического наследия ДСВ, в рамках которого четвертый год функ-

ционирует Мемориальный кабинет К. И. Сатпаева, поздравляет всех сотрудников КазНУ им. К. И. Сатпаева с Днем науки, 122-й годовщиной со дня рождения Каньша Имантаевича Сатпаева и желает больших успехов в науке, воспитании и подготовке инженерных кадров, достойных продолжателей славных дел первопроходцев.





enactus™

Satbayev University

Enactus – международная организация лидеров бизнеса и студентов, реализующих бизнес-проекты. Проектные команды Enactus создаются на базе университетов. Команды разрабатывают и реализуют собственные проекты, направленные на решение экономических, социальных и экологических задач.

Ежегодно в мире проекты Enactus охватывают более 2 млн человек.

Тематика проектов Enactus включает все 17 направлений «Повестки дня в области устойчивого развития до 2030 года», принятой ООН.


Реализуя проекты, студенты Enactus получают практический опыт, развивают деловые и лидерские качества.

Результаты успешно завершенных проектов команды представляют на ежегодных конкурсах Enactus: Региональных, Национальных, Мировом.


Проекты команд оценивает жюри – топ-менеджеры национальных и международных компаний.

Команда, ставшая национальным чемпионом, получает право участвовать в престижном Мировом Кубке Enactus World Cup.

@enactus.su

A close-up portrait of Erwin Schrödinger, a middle-aged man with dark hair, wearing round black-rimmed glasses, a white shirt, a purple patterned bow tie, and a grey tweed jacket. He is looking directly at the camera with a slight smile.

ЭРВИН ШРЁДИНГЕР



Мерей Қосын | Журналист

Физикадағы Шрёдингер мысығы немесе біздің қабылдауымыздағы әлем қаншалықты шынайы?

Қазіргі классикалық емес заманауи физиканың негізін қалаушы Альберт Эйнштейннің кванттық механика мен салыстырмалылық теориясы ғылымда ғана емес, барлық салаларға төңкерістік ой алып келіп, көптеген түсініктерді өзгерткен болатын. Сол дәуірде ғалымдар арасында ең шулы талқыға түсіп, осы уақытқа дейін физиканың шешілмеген жұмбақ теорияларының бірі болып келген Шрёдингер мысығы тұжырымдамасы туралы қысқаша шолу жасағанды жөн көріп отырмыз. Себебі қазіргі ғылымдағы ең қызу талқыланып жатқан тақырыптар да және блокбастер фильмдердің негізгі желісі болып отырған идеялар да – осы сынды жұмбақ теориялардың айналасындағы ойлардан шыққан. Мұндай қызық тұжырымдамалар туралы тереңірек білу – бұл тек ғана ғылым адамы үшін ғана қажет дү-

ние емес, бұл әрқайсымызға ең алдымен бізді қоршаған әлем туралы сұрақ қоюға үйретеді.

Шрёдингер мысығы туралы тұжырымдаманың пайда болуы кванттық механикамен тікелей байланысты. XX ғасырдың басында енді ғана ойлап табылған кванттық физикаға қызығушылар бұл теорияны барынша әрі қарай жалғап әкетуге тырысты. Сәйкесінше, ғылымда бұл теорияны дұрыс түсінбеушілік пен әдейі бұрмалау кең тарады. Шрёдингер мысығы дәл осындай қайшылықтардың алдын алу үшін, теорияны барынша түсінікті ету үшін жасалған болатын. Бұл 1934 жылы Эйнштейн, Подольский, Розен сынды физиктердің бірігуімен жарыққа шыққан EPR paradox деп аталатын ғылыми жұмысқа реакция ретінде үштіктің ашқан жаңалығын тәжірибелік тұрғыдан одан


әрі түсіндіруге тырысты. Әрі бұл физикадағы ең талас тудыратын ой эксперименті ретінде тарихта қалды. Бұл тәжірибені жасаушы австриялық ғалым Эрвин Шрёдингердің өзінің айтуынша, ол мұны Эйнштейн бастаған топтың кванттық механика арқылы физикалық шындықты жаңаша жолмен түсіндіретін теориясының абсурд, ақылға қонымсыз екенін көрсету үшін жасаған. Сондықтан да ол бұл тәжірибесін одан әрі дамытудан бас тартқан көрінеді. Бірақ көптеген ғалымдар мен жазушылар бұл жаңалықты үлкен қызығушылықпен қабылдап, көркем туындылар арқылы тіпті кең таратып жіберді. Олардың бір ғана шүбәсіз сенетіндері – «бізді қоршаған әлем біз елестетіп жүргендей емес, шындығында, кванттық физикадағыдай мүлде басқаша жұмыс істейді» деген ой еді.

Сонымен Шредингер мысығы тәжірибесі дегеніміз не?

Бұл тәжірибелік тұжырымдаманың авторы – австриялық физик-теоретик Эрвин Шредингер. Тәжірибенің мақсаты – кванттық механиканың субатомдық жүйеден макроскопиялық жүйеге өткендегі дәлсіздігін көрсету.

1935 жылғы түпнұсқалық мақаладан алынған мәлімет:

«Бір мысық темір камераның ішінде отыр деп елестетейік. Сонымен қатар оның ішінде қиын құрылғы бар. Онда аз мөлшерде радиоактивті зат орналасқан. Оның мөлшері сонша аз, бір сағатта тек бір атомы ғана ыдырайды, бірақ дәл сондай ықтималдықпен ол ыдырамауы да мүмкін. Ыдыраған жағдайда қиын механизм жүзеге асып, ішінде у бар колба сынады. Осындай жағдайды елестетсек, мысық атом ыдырағанша тірі болады. Бұл кезде атомдық көлемдегі белгісіздік тікелей көз жеткізу арқылы жойылатын макроскопиялық белгісіздікке айналады. Камераның ішінде мысық, радиоактивті затпен у құйылған ыдыс бар. Тәжірибенің параметрлері бойынша, атомның ыдырау ықтималдылығы – 50%. Атом ыдыраса – ыдыс сынып, мысық уланады. Ал егер ыдырамаса – мысық аман қалады. Бір сағат күтеміз. Кванттық механика бойынша атом ядросы (демек, мысық та) барлық мүмкін күйлерде болады. Камераны ашқанға дейін «мысық-ядро» жүйесі 50% ықтималдылықпен «ядро ыдырап, мысық өлі» деген күйде және 50% ықтималдылықпен «ядро ыдырамай, мысық тірі»



деген күйде. Басқаша айтқанда, мысық бір мезгілде тірі де, өлі де (кванттық суперпозиция). Тәжірибе жүргізуші камераны ашқанда, осы екі күйдің біреуін ғана көреді (тікелей көз жеткізу). Тәжірибе жүзінде Шредингер, кванттық механика бойынша, мысық бір мезгілде тірі де, өлі де болатынын көрсетті. Яғни, радиоактивті заттар суперпозицияда бірдей уақытта екі күйде бола алады, бар және жоқ та бола алады. Бірақ бұл тек бақылаушы кіріспеген суперпозиция жағдайында ғана. Ал бақылаушы бұл құбылысты өз назарына алғанда, радиоактивті зат тек бір ғана күйге түседі. Яғни не бар, не жоқ күйінде.

Бір қарағанда түсініксіз, шатастыратын, ақылға сыймайтын сияқты көрінгенімен, бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде адам санасынан тыс әлем ерекше қайшылықтағы күйлерде бола алатындығын меңзейді.


Ұлы ғалымдар бұл туралы не деді?

Бұл тәжірибе туралы Эйнштейн былай дейді: «Сонда мысықтың бұндай екіұшты күйде болуы бұл тек белгілі бір физикалық зерттеу жасалынып жатқан уақыт ішінде ғана жүзеге аса ма? Бізді қоршаған әлем бұл біздің ол туралы тәжірибелік тұрғыдан зерттеп, дәлелдеп тапқан ақиқатымыздан мүлде тәуелсіз жұмыс істеп жатыр». Бір қарағанда, сыни естілуі мүмкін, бірақ осы дискурсты бастаған Эйнштейннің негізгі ойы – табиғат заңдылықтары мен оның жұмыс жасауы физиканың шектеулі мүмкіндіктерінен әлдеқайда кең шексіз де-

генге саяды. Сонымен қатар аты аңызға айналған Стивен Хокинг те бұл теорияны жөн-жосықсыз қате және үстірт пайдаланып жатқандарға қатты ренжитінін айтқан болатын. Себебі бұл ұлы ғалымдардың барлығы бір нәрсені өте жақсы түсінді: біздің санамыздан тыс жұмыс істейтін табиғат заңдылықтары, құбылыстары бар, бірақ адам баласының ақыл-ойы оны тануға, білуге әлі мүмкіндігі жетпейді.

Медиадағы ықпалы

Қазірде бұндай идеяларды Митио Какудың «Параллельді әлем» сияқты кең танымал кітаптарынан да байқауға болады. Әрі «The Matrix», «Source code» сынды фильмдер де көп. Чарли Кауфманның сценарийі желісімен түсірілген фильмдерді де атауға болады. Тіпті түрлі виртуалды ойындарды еске түсіре беріңіз. Бұның бәрі адам баласы өзін қоршаған әлемнің қалай жұмыс істеп жатқандығын білуге әлі де талпынып келе жатқанының көрінісі және бұл жұмбақтың шешуін қашан табады – оның өзі жұмбақ.



Мерей Қосын | Журналист

ДЕРЕКТЕР ҒЫЛЫМЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Соңғы кездері Data science, Big Data деген тіркестерді жиі естиміз. Бірақ бұлардың шын мәнісін, қалай жұмыс істейтінін біле бермейміз. Әдетте мұндай ұғымдарды біз тек белгілі бір техникалық немесе ақпараттық сала мамандарының қызметімен ғана байланыстырып жатамыз. Ал біздің қазіргі күнделікті өміріміз дәл осы түсініксіз ұғымдармен тікелей араласып жатқанын тіпті аңғара бермейміз. Бұл қалай деген сұраққа жауап бермес бұрын, ең алдымен бұл тіркестердің қайдан шыққанын түсініп алайық.

Big Data – ағылшын тілінен тікелей аударғанда «үлкен дерек» деген мағына береді. Үлкен деректің негізгі қызметіне кең көлемдегі өңделмеген деректерді жинастырудан бастап, өзіңе қажетті, қолдануға жарамды ақпарат алуға дейінгі жұмыс процесі кіреді. Үлкен деректермен жұмыс жасаудағы негізгі мақсат – ол өте кең көлемді ақпараттарды жинау, сараптау нәтижесінде белгілі бір қажетті құнды аналитикалық тұжырымға қол жеткізу. Бұдан да түсінік-тірек етіп айтатын болсақ, мысалы, бел-

гілі бір бизнесте бұл клиенттік ортаны сараптау, тұтынушының қажеттіліктерін білу, келетін қауіп-қатерлердің алдын алу үшін қолданылады. Мысалы, HSBC Үлкен деректер технологиясын пластикалық карталармен болатын алаяқтық операцияларға қарсы қолданады. Big Data көмегімен компания қауіпсіздік қызметінің тиімділігін 3 есе, ал алаяқтық жағдайларды тануды 10 есеге арттырды. Аталмыш технологияларды енгізуден алынған экономикалық тиімділік 10 млн АҚШ долларын құрады.

